**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданының білім бөлімінің «ЕР ТӨСТІК» бөбекжай–бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны**

Хаттама

Ә.Бүркітбаев ауылы 20.01.2026 жыл

№4 Педагогикалық кеңес отырысы

**Тақырыбы**: Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу.

**Төраға**- Ильясова Динара Бултириковна.
**Хатшы**- Зулбухарова Айнұр Даутбекқызы.
**Қатысқандар**: 5
Д.Б.Ильясова-меңгеруші;
Г.К.Жолшыбекова-әдіскер;
Ж.Оразымбетова-музыка жетекшісі;
А.Зулбухарова-тәрбиеші;
Н.О.Сатаева-тәрбиеші.

Күн тәртібінде:
**1.Өзін-өзі бағалау жұмыстарындағы бағыттарды айқындау туралы**
Баяндамашы Д.Б.Ильясова, бөбекжай-бақшаның меңгерушісі.
**2. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын даярлауға жауапты комиссия мүшелерін анықтау туралы**
Баяндамашы Г.К. Жолшибекова, бөбекжай-бақшаның әдіскері.

**1.Тыңдалды:**

Ильясова Динара Бултириковна - Бөбекжай-бақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруды өткізу «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары) және басқа да білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерін регламенттейтін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленеді. Жалпы бағалау кезеңі 3 жыл мерзімді қамтиды. Басты мақсаты – білім беру ұйымындағы тәрбие мен білім беру процесінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылуын анықтау. Сол себепті өзін-өзі бағалау жұмыстарына қажетті құжаттарды даярлауда барлық ұжым қамтылуы керек.

**Сөз сөйлегендер:**

Сатаева Нурсауле Орынбаевна- аттестаттау – бұл біздің бөбекжай-бақшамыздың білім беру сапасын, тәрбие жұмысының деңгейін және материалдық-техникалық базасын жан-жақты бағалау үдерісі.

Біз балаларға қауіпсіз, жайлы орта қалыптастыруға, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға бар күшімізді салып келеміз. Аттестаттау нәтижесі біздің еңбегіміздің көрсеткіші болмақ. Бірлесе еңбек етіп, сапалы білім мен тәрбие беруді жалғастыра береміз.

**Қаулы етті:**

1.Бөбекжай-бақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізуде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығмен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» өлшемшарттары басшылыққа алынсын.

**2.Тыңдалды:**

Жолшибекова Гулсим Кудайбергеновна - Бөбекжай-бақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруды өткізуде «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары) сәйкес бөбекжай-бақшаның комиссия құрамы бекітілсін. Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру комиссиясының құрамына ұсынамын:

Төраға: Ильясова Динара Бултриковна- меңгеруші;

Мүшелері:

Жолшибекова Гулсим Кудайбергеновна- бөбекжай-бақшаның әдіскері;

Сатаева Нурсәуле Орынбаевна- тәрбиеші.

Хатшы: Зулбухарова Айнұр Даутбекқызы- тәрбиеші.

**Сөз сөйлегендер:**

Зулбухарова Айнұр Даутбекқызы- өзін-өзі бағалау жұмыстары – тек тексеру емес, ол біздің кәсіби өсуімізге мүмкіндік. Бұл процесс арқылы біз өз тәжірибемізді саралап, жетістіктеріміз бен әлсіз тұстарымызды анықтай аламыз.

Комиссия құрамына тәжірибелі және жауапкершілігі жоғары мамандардың енуі маңызды деп санаймын. Ұсынылған құраммен келісемін және бұл жұмысқа белсенді атсалысуға дайын екенімді білдіремін.

**Қаулы етті:**

1.Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру жөніндегі комиссия құрамы төмендегідей бекітілсін:

Комиссия төрағасы: Ильясова Динара Бултриковна- бөбекжай- бақша меңгерушісі;

Комиссия мүшелері:

Жолшибекова Гулсим Кудайбергеновна- бөбекжай-бақшаның әдіскері;

Сатаева Нурсәуле Орынбаевна, бөбекжай- бақша тәрбиешісі.

2. Бөбекжай-бақшаның әдіскері Г.К.Жолшибековаға өзін-өзі бағалауға қажетті есептік құжаттарды жүйелі, сапалы дайындау 2026 жылдың 19 ақпанына дейін дайындау міндеттелсін.

3. Бөбекжай-бақшаның педагогтері мен мамандарына өзін-өзі бағалауға қажетті материалдарды 2026 жылдың 19 ақпанына дейін дайындау міндеттелсін.

**Төраға:** Д.Б.Ильясова

**Хатшы:** А.Д. Зулбухарова